

**«ТІЛ. МӘДЕНИЕТ. АУДАРМА: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ  
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС»**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ  
**БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**  
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО - ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

**«ЯЗЫК. КУЛЬТУРА. ПЕРЕВОД: МЕЖКУЛЬТУРНАЯ  
КОММУНИКАЦИЯ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ»**

**PROCEEDINGS**  
OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL  
CONFERENCE

**«LANGUAGE. CULTURE. TRANSLATION: INTERCULTURAL  
COMMUNICATION IN THE DIGITAL AGE »**



Астана / Astana

**24 СӘУІР 2024**

**24 APRIL 2024**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА**



**«ТІЛ. МӘДЕНИЕТ. АУДАРМА: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ  
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС»**

**“LANGUAGE. CULTURE. TRANSLATION: INTERCULTURAL  
COMMUNICATION IN THE DIGITAL AGE”**

**«ЯЗЫК. КУЛЬТУРА. ПЕРЕВОД: МЕЖКУЛЬТУРНАЯ  
КОММУНИКАЦИЯ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ»**

Астана, 2024  
Astana, 2024

ӘОЖ / УДК 80\81

КБЖ / ББК 81.2

Т 93

ISBN 978-601-337-997-5

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

|                         |                                                                                         |
|-------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Мақыш С.Б.</b>       | - Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректоры |
| <b>Бейсенбай А.Б.</b>   | - ф.ғ.к., филология факультетінің деканы                                                |
| <b>Акижанова Д.М.</b>   | - Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының меңгерушісі                       |
| <b>Ескиндирова М.Ж.</b> | - Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті м.а.                      |
| <b>Алшинбаева Ж.К.</b>  | - Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті м.а.                      |
| <b>Киманова Л.Б.</b>    | - Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы                     |
| <b>Ныгманова Д.К.</b>   | - магистр, аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы                   |
| <b>Акшулакова Б.К.</b>  | - магистр, аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы                   |

### Халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның серіктестері

- Любляна университеті (Любляна қ., Словения)
- Варшава университеті Қолданбалы лингвистика институты (Варшава қ., Польша)
- Атылым университеті (Анкара қ., Түркия)
- Әзірбайжан тілдер университеті (Баку қ., Әзірбайжан)
- Қоқан мемлекеттік педагогикалық институты (Қоқан қ., Өзбекстан)

### Partners of the International scientific and practical conference

- University of Ljubljana (Ljubljana, Slovenia)
- Institute of Applied Linguistics of the University of Warsaw (Warsaw, Poland)
- Atylym University (Ankara, Turkey)
- Azerbaijan University of Languages (Baku, Azerbaijan)
- Kokand State Pedagogical Institute (Kokand, Uzbekistan)

### Партнеры международной научно – практической конференции

- Люблянский университет (г.Любляна, Словения)
- Институт прикладной лингвистики Университета Варшава (г.Варшава, Польша)
- Университет Атылым (г.Анкара, Турция)
- Азербайджанский университет языков (г.Баку, Азербайджан)
- Кокандский государственный педагогический институт (г.Коканд, Узбекистан)

ӘОЖ / УДК 80/81

КБЖ / ББК 81.2

Т 93

«Тіл. Мәдениет. Аударма: цифрлық дәуірдегі мәдениетаралық қарым-қатынас» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы = Международная научно-практическая конференция «Язык. Культура. Перевод: межкультурная коммуникация в цифровую эпоху» = International scientific and practical conference «Language. Culture. Translation: Intercultural Communication in the Digital Age» - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет редакциясы – бет саны 312 – қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілдерінде

ISBN 978-601-337-997-5

**«Тіл. Мәдениет. Аударма: цифрлық дәуірдегі мәдениетаралық қарым-қатынас»** халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы, аударма, тіл, мәдениет және мәдениетаралық коммуникация салаларына қызығушылық танытқан зерттеушілерге, оқытушыларға, аудармашы-практиктерге, білім алушылар мен жас мамандарға арналған. Конференция барысында аударма, тіл және мәдениет, сондай-ақ мәдениетаралық коммуникация саласындағы зерттеулерді дамытуға байланысты маңызды мәселелер талқыланды. Конференция цифрлық дәуір жағдайында аударма және мәдениетаралық коммуникация саласындағы ғылыми зерттеулер мен практикалық тәжірибені ілгерілетуге ықпал ете отырып, халықаралық ғылыми және академиялық ынтымақтастықты, кәсіби байланыстарды орнату және нығайту мақсатында тәжірибе және білім алмасу үшін бірегей мүмкіндік берді.

Сборник материалов международной научно-практической конференции, на тему **«Язык. Культура. Перевод: межкультурная коммуникация в цифровую эпоху»** предназначен для исследователей, преподавателей, переводчиков-практиков, обучающихся и молодых специалистов, заинтересованных в области перевода, языка, культуры и межкультурной коммуникации. В ходе конференции обсуждались важнейшие вопросы, связанные с развитием исследований в области перевода, языка и культуры, а также межкультурной коммуникации. Конференция предоставила уникальную возможность для обмена опытом и знаниями в целях установления и укрепления международного научного и академического сотрудничества, профессиональных контактов, способствуя продвижению научных исследований и практического опыта в области перевода и межкультурной коммуникации в условиях цифровой эпохи.

The collection of materials of the international scientific and practical conference on the topic **«Language. Culture. Translation: Intercultural Communication in the Digital Age»** is intended for researchers, teachers, translation practitioners, students and young professionals interested in the field of translation, language, culture and intercultural communication. During the conference, the most important issues related to the development of research in the field of translation, language and culture, as well as intercultural communication were discussed. The conference provided a unique opportunity for the exchange of experience and knowledge in order to establish and strengthen international scientific and academic cooperation, professional contacts, contributing to the promotion of scientific research and practical experience in the field of translation and intercultural communication in the digital age.

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2024

© L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2024

© Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2024

### **Заклучение.**

Основываясь на нашем сравнительном анализе, мы можем сделать следующие обобщения. Нет никаких сомнений в том, что личность переводчика уникальна, а его эстетические и идеологические установки находят отражение в характере и стиле перевода. Идеального перевода в полном смысле этого слова не существует, а есть лишь многочисленные попытки более или менее успешно воплотить художественный замысел автора с использованием набора иноязычных средств. Одной из основных лексических трудностей является перевод фразеологических единиц, что обусловлено их метафорической и эмотивной нагрузкой, а также спецификой их внутренней формы, в которой хранится культурная информация о мире и системе ценностей носителей данного языка. Внутренняя форма - это след процесса, посредством которого в языке было создано слово или устойчивое выражение. Проблема сохранения внутренней формы фразеологизма наряду с адекватной передачей его содержания и стилистической окраски особенно остро стоит при переводе художественного текста, где эстетический эффект преобладает над чисто прагматическим аспектом общения "автор-читатель". По причинам, описанным выше, лингвист часто сталкивается с отсутствием адекватного эквивалента в языке перевода, с одной стороны, и невозможностью буквального перевода, с другой.

### **Список литературы**

1. Федоров А.В. (1983) Основы общей теории перевода. Москва: Изд-во Высшей школы, стр. 10.
2. Максимов, Л. Я. (1975) Литературный язык и язык художественной литературы. Выпуск 1. Москва: Изд-во Педагогика. С. 11-20.
3. Рецкер, Я. И. (2016) Теория перевода и переводческая практика. Очерки лингвистической теории перевода. AUDITORIA, 244 с.
4. Бархударов, Л. С. (1975) Язык и перевод. Вопросы общей и частотной теории перевода, 240 с.
5. Комиссаров В. Н. (1990) Теория перевода (лингвистические аспекты), 253 с.
6. Виноградов, В. В. (1977) Избранные произведения. Виноградов В. В. Лексикология и лексикография. - М.: Наука. - С. 211-215.
7. Глюкберг, С. (2001) Понимание образного языка: от метафор к идиомам / С. Глюкберг. – Издательство Оксфордского университета, С. 23-27.
8. Жумадилов К., (2018) Дарабоз. Almaty: 474 p.
9. Жумадилов К. (2006) Кабанбай батыр: Роман-диалогия, Астана: Изд. Аударма, 504 с.
10. Жумадилов К. (2018) Дарабоз // перевод ТОО "Издательство Астана-Персона", Астана, 389 с.

**FTAMP 16.01.11**

## **ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҮРГІЗУДІҢ МӘНІ (ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ АҚШ ӘЛЕМ БЕЙНЕСІ БІЛІМГЕРЛЕР КӨЗІМЕН)**

**Ж.М. Қоңыратбаева**

Ф.ғ.к., Профессор

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

[zhanarkon@mail.ru](mailto:zhanarkon@mail.ru)

***Аңдатпа.** Заманауи ғылым, білім кеңістігі оқу платформасын қолданбалы аспект тұрғысынан дамытуға басымдық беріп отыр. Мақалада ғылыми-теориялық зерттеу нәтижелерін түйіндеудің бір бағыты – қолданбалылық-тәжірибелік жұмыс түрі сөз етіледі. Мәдениеттер тоғысындағы тіл мен мәдениет, тіл мен діл, тіл мен тарих сынды құндылықтарды тану мақсатында білімгерлер арасында жүргізілген лингвомәдениеттанымдық эксперимент нәтижесі сарапталады. Эксперимент аясында Қазақстан мен АҚШ-тың әлем бейнесі білімгерлер көзімен қаралып, тілдік-мәдени қырынан интерпретацияланады. Екі мәдени кеңістікке тілдік саяхат жасаудың қорытындысы*

ретінде лингвомәдени карта түзіледі. Білімгерлердің көзімен пайымдалған мәдени-танымдық стереотиптер анықталып, әлемнің мәдени бейнесі мәселесі тәжірибе (эксперимент) тұрғысынан қорытындыланады.

**Түйін сөздер:** антропоцентрик парадигма, әлем бейнесі, мәдениетаралық коммуникация, лингвомәдениеттанымдық эксперимент, салғастырмалы әдіс, Қазақстан, АҚШ.

**Аннотация.** Современное пространство науки и знаний отдаёт приоритет развитию обучающей платформы с точки зрения прикладного аспекта. В статье рассматривается одно направление обобщения результатов научно-теоретических исследований – прикладно-экспериментальный тип работ. Анализируются результаты лингвокультурологического эксперимента, проведенного среди студентов с целью распознавания таких ценностей, как язык и культура, язык и менталитет, язык и история на стыке культур. В рамках эксперимента образ мира Казахстана и США рассматривается глазами студентов и интерпретируется с лингвокультурологической точки зрения. В результате языкового путешествия по двум культурным пространствам создается лингвокультурная карта. Определяются культурно-познавательные стереотипы глазами студентов и обобщается проблема культурной картины мира с точки зрения опыта (эксперимента).

**Ключевые слова:** антропоцентрическая парадигма, картина мира, межкультурная коммуникация, лингвокультурологический эксперимент, сопоставительный метод, Казахстан, США.

**Abstract.** The modern space of science and knowledge gives priority to the development of a learning platform from the point of view of the applied aspect. The article discusses one direction of generalizing the results of scientific and theoretical research – the applied experimental type of work. The results of a linguistic and cultural experiment conducted among students with the aim of recognizing such values as language and culture, language and mentality, language and history at the intersection of cultures are analyzed. As part of the experiment, the image of the world of Kazakhstan and the USA is viewed through the eyes of students and interpreted from a linguocultural point of view. As a result of a linguistic journey through two cultural spaces, a linguocultural map is created. Cultural and cognitive stereotypes are determined through the eyes of students and the problem of the cultural picture of the world from the point of view of experience (experiment) is generalized.

**Keywords:** anthropocentric paradigm, picture of the world, intercultural communication, linguocultural experiment, comparative method, Kazakhstan, USA.

### **Кіріспе.**

Соңғы он-он бес жылдықта филология, оның ішінде лингвистика, аударматану ғылымдары саласында заманауи талаптарға, қажеттіліктерге сәйкес (жаһандану мәселесіне орай ұлт-мәдениетаралық коммуникацияның дамуына және ұлттық құндылықтарды меңгертуге байланысты) зерттеу әдіс-тәсілдерінің жаңарып, түрлене түскендігі белгілі. Білім беру парадигмасының өзгеруі бүгінгі білімгерлерді мәдениетаралық коммуникацияға шынайы түрде дайындау шартын міндеттеп отыр. Бұл тұрғыдан келгенде, мәдениетаралық коммуникация теориясы мен практикасы курстарында пайдаланылатын әдіс-тәсілдердің түрлілігі маңызды. Сондай әдіс-тәсілдің бірі – лингвомәдениеттанымдық эксперимент.

Лингвомәдениеттанымдық эксперимент әлемдік ғылым кеңістігінде (оның ішінде оқу үдерісінде) ХХ ғасырдың ІІ жартысынан бері жұмсала бастады. Тіл, мәдениет, сана мәселелерінің ортақ жайттарын қарастырған Н.В.Уфимцеваның [1], Ю.А.Сорокиннің [2], сондай-ақ мәдениетаралық коммуникация және тіл мәселесін зерттеген С.Г.Тер-Минасованың [3] еңбектерінде лингвомәдениеттанымдық зерттеу жүргізіледі. Мәселен, Н.В.Уфимцева мен Ю.А.Сорокиннің еңбектерінде бір мәдениет екінші бір ұлттың көзқарасы

тұрғысынан сарапталады, орыс мәдениеті америкалықтардың, жапондардың, итальяндықтардың көзімен қаралып, сипатталады. С.Г.Тер-Минасованың еңбегінде де осы іспеттес лингвомәдени карта ұсынылады [3; 31-46, 99-121]. Орыс жастарының (студенттерінің) көзімен Еуропа, АҚШ және орыс мәдениеттеріне тілдік-мәдени талдау жасалады. Аталмыш зерттеу жұмыстарының маңыздылығы – бірнеше жыл аралығында жасалған тілдік-мәдени практикалық эксперименттің жанды, шынайы шыққандығы. Бұл секілді ғылыми-практикалық зерттеулер мәдениетаралық коммуникация үдерісіндегі тіл мен мәдениет, тіл мен діл, тіл мен тарих сынды құндылықтарды тануға нақты үлес қосады деуге болады.

Лингвомәдениеттанымдық эксперименттің негізгі мақсаты – мәдениеттер тоғысуы үдерісіндегі түрлі тілдік-мәдени кодтың сипатын айқындау. Себебі мәдениетті қандай да болсын қарым-қатынас үдерісінің өзекті тетігі деуге болады. Ол қарым-қатынасқа түсушінің болмысына қарай әлем бейнесі ретінде қызмет етеді. Ал тіл жеке тұлғаның, белгілі бір топтың, тіпті айнала қоршаған ортаның арасындағы үйлестіруші-делдал ретінде танылады. Тілдің бойында белгілі бір мәдениетті сипаттаушы түрлі концепт, код, құндылықтар өмір сүреді. «Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады» [4, 1]. Яғни, әртүрлі мәдениеттің ерекшелігін, сабақтастығын тұтынушының тілі арқылы айқындай аламыз.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері.**

Зерттеу жұмысының мақсатына байланысты мақалада, негізінен, лингвомәдениеттанымдық әдіс, салғастырмалы әдіс, ішінара этимологиялық әдіс пайдаланылды. Ал зерттеудің эмпирикалық материалы ретінде «Мәдениетаралық коммуникация және аударма мәселелері» курсына жүргізілген лингвомәдениеттанымдық эксперимент нәтижелері алынды. Жұмысқа «Аударма ісі» мамандығының 3, 4-курс бакалавриат және 1-курс магистратура бөлімінің 200 білімгері тартылды. Эксперимент курс аясында бірнеше оқу жылы бойы жүргізілді. Аталмыш мақалада соның тек 2013-2014 және 2023-2024 оқу жылдарының нәтижесі талдауға түседі. Мақсат – әлем бейнесіне қатысты қазақ жастарының он жыл аралықтағы екі кезеңдік көзқарастарын салыстыра қарастыру.

### **Талқылау.**

Мақалада лингвомәдениеттанымдық эксперимент жүргізу арқылы Қазақстан мен АҚШ-тың лингвомәдени картасын түзу діттелді. Бұдан бұрынғы ізденісімізде Қазақстан-АҚШ және Шығыс-Батыс әлемінің мәдени бейнелері 2011-2012, 2013-2014 және 2016-2017 оқу жылдарындағы эксперимент нәтижесі бойынша сарапталған болатын [5].

Мәдени картаны жасақтап, ғылыми-практикалық жағынан талқылау үшін білімгерлер арасында үш тақырып бойынша лингвомәдениеттанымдық эксперимент жүргізілді:

1) Қазақстан және қазақтар & АҚШ және америкалықтар туралы ең алғаш ойда ассоциацияланатын бірліктер;

2) Қазақтардың & америкалықтардың мінез-құлқын сипаттайтын бірліктер;

3) Қазақтардың & америкалықтардың сырт келбетін танытатын бірліктер.

Әр тақырып нысанына қатысты 5-10 сөз көлемінде мысал келтіріліп, екі құрлық тілдік-мәдени қырынан интерпретацияланды.

1) *Қазақстан және қазақтар & АҚШ және америкалықтар туралы ең алғаш ойда ассоциацияланатын бірліктер.* Аталмыш сұрақ төңірегінде респонденттердің интерпретациялау межесі жан-жақты ашылды деуге болады. Екі кезең білімгерлерінің ойлау, түйсіну сезімдерінің шамалас екендігін айтуға болады. Жастардың бойында шынайылық, жан-жақтылық секілді қасиеттердің басым екендігі байқалды. Оны төмендегі кестеден (1-кесте) көруге болады:

| Жиілігі<br>басым тіл<br>бірліктері | Қазақстан   |               | АҚШ          |               |
|------------------------------------|-------------|---------------|--------------|---------------|
|                                    | 2013-2014   | 2023-2024     | 2013-2014    | 2023-2024     |
| Ең алғаш                           | Астана (8), | қонақжайлылық | freedom (6), | freedom (21), |

|                                                     |                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                          |
|-----------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>ойда<br/>ассоциация<br/>анатын<br/>бірліктер</b> | жұрт (7),<br>Абай (5),<br>домбыра (4),<br>ет (4),<br>қымыз (4),<br>дала (4),<br>салт-дәстүр (4),<br>Нұр Отан (3),<br>Шымкент (3) | (20),<br>киіз үй (13),<br>тәуелсіз (9),<br>әсем табиғат (6),<br>дәстүр (6),<br>патриот (5),<br>жылқы (5),<br>бешбармақ (4),<br>кең дала (4),<br>қымыз (3),<br>Жаңа Қазақстан (2) | фаст-фуд (5),<br>Hollywood (5),<br>New York (3),<br>democracy (3),<br>Trump (2),<br>Syria (2),<br>simple (2),<br>hospitable (2),<br>cultural (2) | фаст-фуд (8),<br>New York (7),<br>dollar (7),<br>developed country (6),<br>opportunity (6),<br>tolerance (4),<br>Hollywood (3),<br>university (3),<br>good education (3) |
|-----------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

Кесте 1 – Қазақстан және қазақтар & АҚШ және америкалықтар туралы ең алғаш ойда ассоциацияланатын бірліктер

Лингвомәдениеттанымдық эксперимент жүргізу аясында әрбір бірліктің тіл-тілдегі лексика-семантикалық сипатына үңіліп, ішінара шығу тарихына этимологиялық талдау жасау да мақсат етілді. Сондай талдаудың бірі – 2023-2024 оқу жылында білімгерлердің Қазақстан жайлы ассоциациясындағы *бесбармақ* бірлігіне қатысты. Этимологиялық жағынан бұл қазақтың төл сөзі емес. Өкінішке орай, ауызекі тілде болсын, жазба дүниелерде болсын, аталмыш бірлік *бешбармақ/бешбармақ, бесбармақ, беш* сыңайында белсенді жұмсалым тауып отыр. Тіпті кейбір түсіндірме сөздікке де дәл осы нұсқасында тіркелгені байқалады. Әйтсе де түркі тілдерінің түп-тамырын індете қарастырған энциклопедиялық сөздіктерде кездеспейді («Көне түркі тілдерінің сөздігі», М.Қашқари сөздігі). *Бесбармақ/бешбармақ* бірлігінің тілімізге қайдан, қалай, қашан енгендігі жөнінде әртүрлі пікір айтылады. Бір дерек бойынша, XX ғасыр басындағы «Голощекин сайқымазағы» салдарынан жұмсалым тапқан. «Қазақ етті қолмен жейді» деп сондай ат қойған. Оны жандайшаптары қолпаштап, ел-жұртқа таратып жіберген» [6]. Бұл тағылеттес ой белгілі ғалымдар М.Мырзахметов, А.Сейдімбек пікірлерінде де келтіріледі [7; 8]. Енді бір пікірге сүйенсек, «бесбармақ» сөзі – негізінен қырғыздардан кірген сөз. Олар қолдың саусақтарын бармақ деп атайды. Қырғыз, өзбек, татар, ұйғырлар ет астына нарын салып жеп, оны «бешбармақ» дейді. Қазақтың «бесбармақ» деп жүргені сол». Алайда қырғыз тілін зерттеген К.К.Юдахин бұл бірліктің қырғыз тілінікі екендігін жоққа шығарады [8]. Қалай болғанда да, *бесбармақ/бешбармақ* бірлігінің тілімізге жат екені анық. Қазақ халқы *бес, беш* бірліктерін жұмсалымда пайдаланса да, *бармақ* сөзімен бірлікте қолданған емес. Себебі қазақ танымында адам қолы саусақтан тұрады, тек үлкені ғана бармақ деп аталады. Сол себепті эксперимент барысында тілдік ұғымға жат немесе мағынасы күңгірттенген, сол сықылды семантикалық аясы тарылған не кеңейген сөз бірліктерін талдау жұмысы өз пайдасын беруі тиіс деп ойлаймыз.

2) *Қазақтардың & америкалықтардың мінез-құлқын сипаттайтын бірліктер* деген 2-сұрақтың жауабында респонденттердің, көбінесе, оң көзқарас білдіргендерін байқауға болады. Тек кейбір мінез-құлық нышаны ашық айтылып, көңілдері толмайтындықтарын аңғартады (*жалқау, қызғаныш, мақтанишақ* секілді). Бұл сипат, негізінен, қазақтарға қатысты сауалнама жауабында орын алған. Десе де, АҚШ әлем бейнесін тануда да жағымсыз құлықты атап өтеді (*lazy, екіжүзді* секілді). (2-кесте).

| Жиілігі басым<br>тіл бірліктері                   | Қазақстан                                                                                                                   |                                                                                                                                 | АҚШ                                                                                                                           |                                                                                                                                        |
|---------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                   | 2013-2014                                                                                                                   | 2023-2024                                                                                                                       | 2013-2014                                                                                                                     | 2023-2024                                                                                                                              |
| <b>Мінез-құлқын<br/>сипаттайтын<br/>бірліктер</b> | досшыл, көпшіл (16),<br>humble (7),<br>kind (4),<br>great respect (4),<br>jealous (4),<br>warm-hearted (3),<br>отаншыл (3), | мейірімді (18),<br>намысшыл (13),<br>ақкөңіл (10),<br>жалқау (6),<br>жомарт (5),<br>батыл (5),<br>қызғаныш (4),<br>жанашыр (3), | open (10),<br>educated, (3),<br>free (3),<br>soft, fun (3),<br>selfish (3),<br>emotional (2),<br>friendly (2),<br>simple (2), | open (24),<br>polite (8),<br>good-natured (8),<br>communicator (4),<br>lazy (3),<br>funny (3),<br>businessman (3),<br>hard worker (3), |

|  |                                               |                                            |                                  |                                                  |
|--|-----------------------------------------------|--------------------------------------------|----------------------------------|--------------------------------------------------|
|  | lazy (3),<br>good-natured (3),<br>corrupt (2) | сыпайы (3),<br>мақтаншақ (3),<br>мықты (3) | discipline (2),<br>developed (2) | екіжүзді (2),<br>толерантты (2),<br>friendly (2) |
|--|-----------------------------------------------|--------------------------------------------|----------------------------------|--------------------------------------------------|

Кесте 2 – Қазақтардың & америкалықтардың мінез-құлқын сипаттайтын бірліктер

3) *Қазақтардың & америкалықтардың сырт келбетін танытатын бірліктер.* Кезекті бұл сұрақтың жауаптарынан да шынайылықты тануға болады. Дегенмен мәдениетаралық байланыстың орнығу мерзімі тұрғысынан қарағанда, респонденттердің аталмыш сұраққа қинала жауап бергендіктері көрінеді. Яғни, америкалықтардың сырт келбетін сипаттауда қайталаушылық, бірсарындылық байқалады (3-кесте).


| Жиілігі<br>басым тіл<br>бірліктері       | Қазақстан                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                          | АҚШ                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                            |
|------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                          | 2013-2014                                                                                                                                                                               | 2023-2024                                                                                                                                                                | 2013-2014                                                                                                                                                               | 2023-2024                                                                                                                                                  |
| <b>Сырт келбетін танытатын бірліктер</b> | қоңыр көз (8),<br>орташа денелі (7),<br>арық (5),<br>қоңыр шаш (5),<br>әдемі (5),<br>қара торы (5),<br>source pressure (3),<br>Азия (3),<br>compact (2),<br>intelligent, attractive (2) | қара торы (22),<br>денелі (13),<br>қалың шаш (7),<br>қысыңқы көз (5),<br>қиылған қас (4),<br>орта бойлы (3),<br>келбетті (3),<br>әдемі (3), жылы жүзді (3),<br>азиат (2) | full (9),<br>tall (6),<br>different source (6),<br>қоңыр шашты (5),<br>blue eyes (4),<br>black (4),<br>әдемі (3),<br>yellow teeth (3),<br>luxury (3),<br>curly hair (3) | blue eyes (20),<br>black (15),<br>fat (14),<br>ақ сары (13),<br>tall (12),<br>blonde hair (11),<br>curly hair (10),<br>free style (3),<br>crooked nose (3) |

Кесте 3 – Қазақтардың & америкалықтардың сырт келбетін танытатын бірліктер

### Нәтижелер.

Қазақстан мен АҚШ мәдениеттерін салыстыра зерттеуде екі елдің лингвомәдени картасы жасалды. Бұл сипаттағы лингвомәдени карта жасаудың басты мақсаты – елдер арасындағы тілдік, мәдени, тіпті саяси-экономикалық ортақтықтар мен ерекшеліктерді білімгерлер көзімен саралап қарастыру.

Лингвомәдениеттанымдық эксперимент жұмысының нәтижесінде Қазақстан мен АҚШ әлем бейнесінің пайыздық көрсеткіші де шығарылды (1-2 сурет).



Сурет 1 – Қазақстанның лингвомәдени картасы

Қазақстанның лингвомәдени картасын саралай келгенде, мына жайттарды айтуға болады:

1. Қазақстанға қатысты ең жиі аталған бірліктер: *Астана, қонақжайлылық, Абай, жұрт, тәуелсіз, киіз үй, домбыра, әсем табиғат, т.б.* Екі кезеңдегі қазақ әлемінің мәдени бейнесін салыстыра қарағанда, толығымен оң көзқарасты тануға болады. Екі кезеңде де рухани құндылыққа басымдық берілген. Алғашқы кезеңде елдің геосаяси, тарихи тұлғалық

сипаты (*Астана, Абай*) көбірек ашылса, кейінгі кезеңде қазақ ұлтының жалпы болмысын танытатын бірліктер (*қонақжайлылық, киіз үй, т.б.*) басым. Сондай-ақ кейінгі кезеңде жиі қолданысқа ие *Жаңа Қазақстан* бірлігі де көрініс тапқан.

2. Мінез-құлыққа қатысты: *мейірімді, намысшыл, ақкөңіл, досшыл, көпшіл, жомарт, батыл, т.б.* бірліктер жиі кездеседі. Сонымен қатар *жалқау, жемқор, қызғаныш, мақтанишақ* сынды теріс пікірлі бірліктер де біршама. Екі кезеңді салыстыра қарағанда, қазақтың бойындағы оң және теріс мінез-құлықтар нақты әрі шынайы ашылған деуге болады.

3. Сырт келбетке қатысты: *қоңыр көз, денелі/орташа денелі, қара торы, қалың шаш, қиылған қас* сипаттамалары басым.

Жалпы, түйіндей келгенде Қазақстанның лингвомәдени картасы білімгерлер көзімен былайша жасақталды: *қонақжайлылық (95%), досшыл/көпшіл (85%), Астана (95%), мейірімді (80%), қара торы (90%)*.



Сурет 2 – АҚШ-тың лингвомәдени картасы

АҚШ-тың лингвомәдени картасын жасақтаудың қорытындысы:

1. АҚШ-қа қатысты ең жиі аталған сөздер: *еркіндік, ашық мінезді, фаст-фуд, қара нәсілді, толықтық, көк көзді, т.б.* Екі кезең ассоциацияларын салыстыра қарағанда білімгерлердің жалпы АҚШ туралы ойларының оң екендігін тануға болады. Алғашқы кезеңде АҚШ-ты көбінесе демократиясы дамыған мәдениетті ел ретінде көрсе (*democracy, cultural*), кейінгі уақытта білім беру жүйесі дамыған озық ойлы ел деп интерпретациялайды (*developed country, university, good education*). Ортақтығына келсек, *freedom, фаст-фуд, Hollywood, New York* бірліктері жиі кездеседі. Яғни қазақ жастарының АҚШ туралы жалпы ассоциациясы ұқсас.

2. Мінез-құлыққа қатысты: екі кезеңде ортақтық та, ерекшелік те тең дәрежеде көрініс тапқан. Ортақтығы *open, funny, friendly* бірліктерінен танылса, алшақтығы алғашқы кезеңде *discipline, educated, emotional, soft* мінез-құлық сипатын көрсе, ал кейінгі кезеңде *polite, good-natured, communicator, businessman, hard worker, толерантты* жандар ретінде қабылдайды. Ағылшындардың жағымсыз мінез сипаты *selfish, lazy, екіжүзді* бірліктерімен берілген. Олардың екіжүзділігін қоғамдық орындарда үнемі жымыып жүруімен түсіндіреді (*American smile*).

3. Сырт келбетке қатысты: қазақ жастары америкалықтарды көк көзді, ақ сары, толықтау, қара/ақ нәсілді, бұйра шашты, еркін стильді сипатта қабылдайды (*full, blue eyes, black, blonde hair, curly hair, free style*).

Жалпы, түйіндей келгенде АҚШ-тың лингвомәдени картасы білімгерлер көзімен былайша жасақталды: *еркіндік (95%), фаст-фуд (70%), ашық мінезді/ашықтық (80%), қара нәсілді (70%), толықтық (40%)*.

#### Қорытынды.

Түйіндей келгенде, түзілген лингвомәдени картада екі елдің өзіндік ерекшелігі сипатталған, сол себепті де ол әр қилы. Онда әр мәдениеттің тарихи-әлеуметтік жағдайы,

өмір сүру салты, рухани әрі материалдық құндылығы, т.б. болмыс-бітімі ашылған. Әрине, аталмыш карта Қазақстан мен АҚШ елдерінің шынайы, нақты тарихи-мәдени, саяси-экономикалық бейнесін таныта алмайды. Лингвомәдени картаны қазақ жастарының санасында баспасөз ақпарат құралдары (БАҚ), интернет ресурсы, теле-/радио хабарлары және оқыған кітаптары арқылы қалыптасқан тілдік және мәдени бейнесі болып табылады.

Сонымен, оқу үдерісінде Қазақстан & АҚШ елдеріне лингвомәдениеттанымдық эксперимент жасап, лингвомәдени картасын түзудің қажеттілігі мынада деп түйеміз:

- заманауи Қазақстан мен АҚШ елдеріне тілдік саяхат жасау арқылы Қазақ елі жастарының мәдени-танымдық стереотиптерін анықтауға, ұлттардың дүниетанымы мен мәдениетін, әсіресе, ұлттық құндылықтарды тереңірек тануларына жол ашуға мүмкіндік туады;
- мәдениетаралық коммуникация барысында туындауы ықтимал тілдік, мәдени «қақтығыстардың» алдын алуға септесуге болады;
- құрлықтың екінші жағында орналасқан ел жөніндегі білімгерлердің танымдық ізденістерін кеңейтуге мүмкіндік береді;
- білімгерлердің лингвоелтану саласындағы түйсіктерін «сөйлете» отырып, отансүйгіштік, толеранттылық қасиеттерін аша түсуге септеседі.

### Қолданылған әдебиеттер

1. Уфимцева Н.В. Русские: опыт еще одного самопознания // Этнокультурная специфика языкового сознания. – Москва, 1996. – С. 139-162.
2. Сорокин Ю.А. Составляющие образа мира: современные русские и китайцы // Язык, сознание, коммуникация. – Москва: Диалог-МГУ, 2000. – Вып. 11. – С. 5-8.
3. Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. – Москва: Слово/Slovo, 2000. – 261 с.
4. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Дыбыс заңы һәм жүйесі. / А. Байтұрсынұлы – Орынбор. 1923. – 46 б.
5. Қоңыратбаева Ж., Сағадиева З. Мәдениетаралық қарым-қатынас және тіл. – Астана: «Булатов А.Ж.» ЖК, 2018. – 216 б.
6. <https://egemen.kz/article/164756-beshbarmaq-sozi-qam-goloschekinninh-sayqymazaghy> [Кіру уақыты: 26.05.2019]
7. Мырзахметұлы М. Қазақ қалай орыстандырылды? – Алматы: 2010. – 400 б.
8. <https://abai.kz/post/176766> [Кіру уақыты: 26.05.2019]

ГТАХР 16.21.41

### ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ФИТОНИМДІК БІРЛІКТЕРДІҢ МӘНІ ЖӘНЕ АУДАРМАДА БЕРІЛУІ

\*С.К. Сәтенова<sup>1</sup>, С.К. Есимбетова<sup>2</sup>

Ф.ғ.д., профессор<sup>1</sup>, докторант<sup>2</sup>

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет, Астана, Қазақстан

\* [satenova\\_sk@enu.kz](mailto:satenova_sk@enu.kz)

*Аңдатпа.* Мақала қазақ тіліндегі фитонимдік бірліктердің алатын орны мен зерттелу тарихы, орыс және ағылшын тілдеріне аударылу амалдары, ерекшеліктері, аударма сапасы тәрізді мәселелерді талдауға арналды. Өсімдік атаулары, олардың құрамы мен құрылымы, мағынасы, қолданылу аясы т.б. әрбір тілде жеке дара зерттеліп келеді. Алайда салыстырмалы, салғастырмалы және аударматанымдық зерттеулер санаулы. Ал олар шетел тілдерін оқып жатқан білім алушылар үшін маңызды. Мақала осы бағыттағы зерттеулердің жалғасы іспеттес. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі номинативті және коннотативті мағынадағы өсімдік атаулары әдеби шығармаларда, аңыздар мен ертегілерде, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерде, яғни тілдің барлық